

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2018 жылдың 20 наурызындағы
№ 27 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2018 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Клирингтік қорлардың мөлшерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылдың 25 қыркүйегіндегі отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2018 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 58 қаулысымен бекітілген, Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 10 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген, Клирингілік ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесіне, мониторинг жүргізудің шарттары мен тәртібі тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау мен басқаруға қойылатын талаптарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 11 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, мониторинг жүргізудің шарттары мен тәртібі тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау мен басқаруға қойылатын талаптарға және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, клирингілік қорлардың көлемдерін анықтау және бағалау тәртібін белгілейді.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді қолданылған түсініктер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері"¹ (бұдан әрі – Клиринг ережелері) атты ішкі құжатында және басқа да Биржаның ішкі құжаттарында анықталған.
2. Осы Әдістеме, Биржа солар бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын, қорларда қалыптастырылған, клирингілік қорлардың көлемдерін анықтау және жеткіліктілігін бағалау үшін қолданылады.
3. Қандай да бір биржалық нарық бойынша клирингілік қор келесі қорлардан тұрады:
 - 1) клирингілік қатысушылардың (КҚ) жарналарынан қалыптасатын, клирингілік;
 - 2) Биржаның меншікті қаржыларынан қалыптасатын, клирингілік сақтық қор.
4. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік және клирингілік сақтық қорларының жиынтық сомасының мәні болып табылатын, клирингілік қордың минималды көлемі екі КҚ міндеттемелерінің орындамауы жағдайында туындайтын, аталмыш міндеттемелерді ең үлкен көлемімен алынған, мүмкін болатын әлеуетті шығындардың сомасы ретінде есептеледі.
5. Клирингілік қорлардың көлемдерін бағалауға арналған, статистикалық тәуекел-параметрлерін есептеу үшін Биржа қаржы құралдарымен (ҚҚ) тиісті биржалық нарықтарда жасалаған мәмілелер туралы ақпаратты пайдаланады.
6. Фундаменталды параметрлер статистикалық тәуекел-параметрлерді бағалау үшін қолданылып, келесі параметрлердің жиынтығы болып табылады:
 - 1) іріктелімнің тарихи кезеңі;
 - 2) сенім деңгейі.
7. Фундаменталды параметрлерді нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитетпен, Клиринг ережелерімен белгіленген, мерзімдерге сәйкес белгіленеді және қайта қаралады.
8. Қаралатын кезеңде қажетті мәліметтер болмаған жағдайда Биржа клирингілік қорлардың көлемдерін қолда бар ұқсас параметрлер бойынша бағалауға құқылы.
9. Клирингілік қорлардың көлемдерінің жеткіліктілігін бағалау, Клиринг ережелерінде белгіленген, мерзімдерде жүзеге асырылады.
10. Есептелетін мәндер математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі таңбаға дейін дөңгелектенеді (беске дейінгі цифралар нөлге дейін азайтылып, ал бестен жоғары цифралар онға дейін үлкейтіледі).

¹ Утвержден решением Совета директоров Биржи (протокол заседания от 20 июля 2017 года № 20).

11. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 25 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталды).*
12. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 25 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталды).*
13. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 25 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталды).*

2 тарау. ІРІ КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ

14. Бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша орындалмаған міндеттемелер салтадынан туындайтын, мүмкін болатын әлеуетті шығындардың көлемін бағалау үшін ҚҚ нарықтық бағаларының өзгеруіне қатысты фундаменталды параметрлердің нарықтық тәуекелдері жөніндегі Комитетпен белгіленгендердің негізінде іріктелім қалыптастырылады.
15. Бір тұрпаттағы ҚҚ деп, белгілі бір биржалық нарықта белгілі бір ҚҚ-мен белгілі бір есептесу валютасымен барлық есептесу датасына жасалған мәмілелер мойындалады.
16. Мүмкін болатын әлеуетті шығындардың көлемін бағалау үшін $T - (T-1)$, және $T - (T-2)$ сауда-саттық күндер арасындағы нарықтық бағаның максималды мәндері келесі формуламен анықталады:

$$\Delta P_T = \max \left\{ \left| \frac{P_T - P_{T-1}}{P_{T-1}} \right|, \left| \frac{P_T - P_{T-2}}{P_{T-2}} \right| \right\}, \text{ мұнда}$$

- ΔP_T – қалыптастырылатын іріктелімнің мәні, яғни, T сауда-саттық күндегі нарықтық бағаның $T-1$ абсолюттық өзгеруі және $T-2$ сауда-саттық күндегі нарықтық бағаның үлестік көрсетілімде өзгеруі;
- \max – жақшада көрсетілген мәндердің ең үлкенін анықтайтын, математикалық функция;
- P_T – T сауда-саттық күндегі ҚҚ орташа сараланған нарықтық бағасы;
- P_{T-1} – $T-1$ сауда-саттық күндегі ҚҚ орташа сараланған нарықтық бағасы;
- P_{T-2} – $T-2$ сауда-саттық күндегі ҚҚ орташа сараланған нарықтық бағасы.
17. 16 тармаққа сәйкес алынған іріктелім негізінде бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша нарықтық бағаның салыстырмалы ең үлкен он өзгеруі болған күндердің іріктеуі келесі формуламен жүзеге асырылады (бұдан әрі $-\Delta P_{10\max}$):

$$\Delta P_{10\max} = (\Delta P_{\max T1}, \Delta P_{\max T2}, \dots, \Delta P_{\max T10}), \text{ мұнда}$$

- $\Delta P_{10\max}$ – қалыптастырылатын іріктелімнің мәні, яғни, бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша нарықтық бағалардың салыстырмалы ең үлкен өзгерулері болған күндер;
- $\Delta P_{\max T1}$ – бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша нарықтық бағаның салыстырмалы ең үлкен өзгеруі болған бірінші күн;
- $\Delta P_{\max T2}$ – бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша нарықтық бағаның салыстырмалы ең үлкен өзгеруі болған екінші күн;
- ...
- $\Delta P_{\max T10}$ – бір тұрпаттағы ҚҚ бойынша нарықтық бағаның салыстырмалы ең үлкен өзгеруі болған оныншы күн.

18. Екі ірі КҚ $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша орташа күндік ашық жайғасымдары келесідей амалмен анықталады:

- 1) он күннің әр күні үшін белгілі бір биржалық нарық үшін әр КҚ бойынша бір тұрпаттағы барлық КҚ бойынша ашық жайғасымдардың² абсолюттық мәндерінің сомасы келесі формуламен есептеледі:

$$\text{ОП}_{T1}^{\Delta P_{10\max}} = (\text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИ1}}^k) + \text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИ2}}^k) + \dots + \text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИН}}^k)), \text{ мұнда}$$

abs – жақшада көрсетілген, сандардың абсолюттық мәнін (модулін) анықтайтын, математикалық функция;

$\text{ОП}_{\text{ФИ}}^k$ – КҚ ашық жайғасымы – сауда-саттық күннің соңындағы жағдай бойынша бір тұрпаттағы КҚ бойынша КҚ жасасқан мәмілелердің нәтижесінде туындаған, бір тұрпаттағы КҚ бойынша барлық талаптар мен міндеттемелер бойынша КҚ теңгемен көрсетілген нетто-жайғасымы;

k – КҚ;

- 2) он күннің әр күніне белгілі бір биржалық нарықта $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша екі КҚ ең үлкен ашық жайғасымдардың сомасы келесі формуламен анықталады:

$$\max_{T1}^{\Delta P_{10\max}} \text{ОП2} = \text{ОП}_T^{k1} + \text{ОП}_T^{k2}, \text{ мұнда}$$

$\max_{T1} \text{ОП2}$ – Т сауда-саттық күніндегі екі КҚ ең үлкен ашық жайғасымдарының теңгемене көрсетілген сомасы;

k1, k2 – Т сауда-саттық күніндегі ең үлкен ашық жайғасымдары бар КҚ;

- 3) белгілі бір биржалық нарықтағы $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша екі ірі КҚ орташа күндік жайғасымдары келесі формуламен есептеледі:

$$\max_{T1} \text{ОП2} = \frac{(\sum_{T1}^{\Delta P_{10\max}} \max_{T1} \text{ОП2})}{10}, \text{ мұнда}$$

$\max_{T1} \text{ОП2}$ – екі ірі КҚ орташа күндік жайғасымы, теңгемене көрсетілген.

19. Міндеттемелердің орындалмауы кезіндегі кі ірі КҚ мүмкін болатын шығындары келесідей амалмен анықталады:

- 1) он күннің әр күніне $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша КҚ шығындарының сомасы келесі формуламен анықталады:

$$\max_{T1} \text{LOSS2} = \Delta P_T \times (\text{ОП}_T^{k1} + \text{ОП}_T^{k2}), \text{ мұнда}$$

$\max_{T1} \text{LOSS2}$ – Т сауда-саттық күніндегі ең үлкен ашық жайғасымы бар екі КҚ шығындарының, теңгемен көрсетілген, сомасы;

k1, k2 – Т сауда-саттық күніндегі, теңгемен ең үлкен ашық жайғасымдары бар КҚ-лар;

ОП_T^k – Т сауда-саттық күніндегі КҚ теңгемен ашылған жайғасымы;

² SWAP мәмілелері тиісті есептесу даталарымен екі мәміле ретінде қаралады.

- 2) белгілі бір биржалық нарықтағы $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша ең үлкен ашық жайғасымдары бар екі КҚ орташа күндік шығындары келесі формуламен есептеледі:

$$\max\text{LOSS2} = \frac{\sum_{T1}^{T10} \text{LOSS2}_T}{10}, \text{ мұнда}$$

$\max\text{LOSS2}$ – $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша екі ең үлкен ашық жайғасымы бар КҚ орташа күндік шығындары, теңгемен көрсетілген.

20. Белгілі бір биржалық нарықтағы $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша екі ең үлкен ашылған жайғасымы бар КҚ маржалық қамтуына қойылатын талаптардың орташа күндік сомасы келесідей амалмен анықталады:

- 1) он күннің әр күні үшін белгілі бір биржалық нарықтағы $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі үшін ең үлкен екі ашық жайғасымы бар КҚ маржалық қамтуына қойылатын талаптардың сомасы келесі формуламен есептеледі:

$$\max\text{MC2} = \sum_{T1}^{T10} (\text{MC}_T^{k1} + \text{MC}_T^{k2}), \text{ мұнда}$$

$\max\text{MC2}$ – $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша екі ең үлкен ашық жайғасымы бар КҚ маржалық қамтуына қойылатын талаптардың сомасы, теңгемен көрсетілген;

$k1, k2$ – Т сауда-саттық күніндегі теңгемен ең үлкен ашық жайғасымдары бар клирингілік қатысушылар;

MC_T^k – Т сауда-саттық күніндегі КҚ маржалық қамтуына, теңгемен көрсетілген, қойылатын талап;

- 2) Белгілі бір биржалық нарықтағы $P_{10\max}$ іріктелімі бойынша ең үлкен ашылған жайғасымы бар екі КҚ маржалық қамтуларына қойылатын талаптардың орташа күндік сомасы келесі формуламен есептеледі:

$$\max\text{MC2} = \frac{\sum_{T1}^{T10} \text{MC2}_T}{10}, \text{ мұнда}$$

$\max\text{MC2}$ – $\Delta P_{10\max}$ іріктелімі бойынша ең үлкен ашылған жайғасымы бар екі КҚ маржалық қамтуының орташа күндік сомасы, теңгемен көрсетілген.

3 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚОРЛАРДЫҢ КӨЛЕМІН ЕСЕПТЕУ

21. Қандай да бір биржалық нарықтағы клирингілік кепілдік қордың мөлшерін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$GF = \max\left\{GV * N; \sum_1^N \text{MC} * 10\%\right\}, \text{ мұнда}$$

GF – белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорының мөлшері;

GV – нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитетпен бекітілген, КҚ жарнасының минималды көлемі;

max – жақшадағы мәндердің ең үлкенін анықтайтын, математикалық функция;

MC – соңғы жылдағы белгілі бір биржалық нарықтың барлық клирингілік қатысушыларына олардың мәмілелері бойынша маржалық қамтуларына қойылған талаптардың орташа күндік сомасы;

N – белгілі бір биржалық нарықтағы КҚ саны.

22. Белгілі бір биржалық нарықтағы клирингілік сақтық қорының көлемін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$RF = \max LOSS2 - GF - \max MC2, \text{ мұнда}$$

RF – белгілі бір биржалық нарықтағы клирингілік сақтық қорының көлемі;

$\max MC2$ – нарықтық бағалардың ең көп ауытқыған күндеріндегі екі ашылған жайғасымы болған КҚ маржалық қамтуының орташа күндік сомасы.

$\max LOSS2$ және GF белгілері осы Әдістеменің тиісінше 19 тармағының 2) тармақшасында және 21 тармағында белгіленген.

4 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

23. Осы Әдістемеге уақытылы өзгертулер мен толықтыруларды енгізуге клирингілік бөлімше жауапты.
24. Осы Әдістеме қажетіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен кем емес, актуалдылануға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.